**Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 21 желтоқсан N 1833

Құқық қорғау органдарының "Құрылыс" қаржы-құрылыс корпорациясына кіретін " Степногорск құрылыс басқармасы" акционерлік қоғамына пайдаланған электр қуаты үшін берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен республикалық "Құрылыс" қаржы құрылыс корпорациясының құрамына кіретін республикалық бюджетке жалпы сомасы 14495 мың (он төрт миллион төрт жүз тоқсан бес мың) теңге берешегі бар "Степногорск құрылыс басқармасы" акционерлік қоғамы арасында бір жолғы есептеу жүргізсін.

Аталған сома "Құрылыс" қаржы-құрылыс корпорациясының құрамына кіретін "Степногорск құрылыс басқармасы" акционерлік қоғамына электр қуаты үшін берешегін өтеуге құқық қорғау органдарын қаржыландыру есебіне есептелсін.

2. Берешекті есептеу 1995 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша, аталған соманы бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін (қосымша).

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1995 жылғы
21 желтоқсандағы
N 1833 қаулысына
қосымша

"Степногорск құрылыс басқармасы" акционерлік қоғамының
құқық қорғау органдарымен есептеуге қабылданатын
республикалық бюджетке төлемдер жөніндегі берешегінің
Т І З Б Е С І

мың теңге

---

Құқық қорғау органдарының берешегі

| Бюджетке төлемдер жөніндегі берешек түрлері | Барлығы | Оның ішінде: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі бойынша | Оның ішінде: Ішкі әскерлер бойынша |
|---|---|---|---|
| "Степногорск құрылыс басқармасы" АҚ, барлығы | 14495 | 4888 | 9607 |
| Оның ішінде: | | | |
| заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы | 2884 | 2884 | - |
| Экономиканы қайта жаңғырту қоры | 11611 | 2004 | 9607 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК